



БҮЙРЫҚ

05.11.2021

Нұр-Султан қаласы

Қайта даярлау және біліктілікті арттыру, сондай-ақ мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдардың білімін растау жөніндегі қызметтердің құнын есептеу әдістемелерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 15 наурыздағы №125 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қағидаларының, мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын білім беру үйымдарына қойылатын талаптардың 11-1-тармағына, «Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы» ЖШС (бұдан әрі – Серікtestіk) жарғысының 20-тармағының 5) және 6) тармақшаларына, 39-тармағының 11) тармақшасына сәйкес білім беру қызметтерін ұсыну мақсатында

БҮЙЫРАМЫН:

1. Осы бүйрықтың 1-қосымшасына сәйкес Қайта даярлау және біліктілікті арттыру құнын есептеу әдістемесі бекітілсін.
2. Осы бүйрықтың 2-қосымшасына сәйкес Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдардың білімін растау жөніндегі қызметтердің құнын есептеу әдістемесі бекітілсін.
3. «Білім беру бағдарламаларын өзірлеу, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының кадрларын қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру семинарларын өткізу бойынша шығыстарды есептеу әдістемесін бекіту туралы» 2017 жылғы 27 маусымдағы №49-нк/1 бұйрығының құші жойылды деп танылсын.
4. Әкімшілік бөлімі (Қ.Б. Есжанов) Серікtestіk жұмыскерлерін осы бүйрықпен таныстырысын және жоғарыда көрсетілген әдістемелерді Серікtestіktің ресми интернет-ресурсына орналастырысын.
5. Осы бүйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
6. Осы бүйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Директор

С. Кенжеболат

Серіктестіктің
2021 жылғы «5» 11
№66-НД бүйрөгіна
1-косымша

Қайта даярлау және біліктілікті арттыру құнын есептеу әдістемесі

1. Осы Әдістеме қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды «Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы» ЖШС (бұдан әрі – Көрсетілетін қызметті беруші) күндізгі, күндізгі-қашықтықтан, қашықтықтан және онлайн нысандар бойынша жүзеге асыратын мемлекеттік қызметшілер мен өзге де тұлғалар қатарынан тындаушыларға қолданылады.

2. Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру құнын Көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2020 жылғы 10 маусымдағы №96 бүйрөгімен бекітілген Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру құнын есептеу әдістемесіне (бұдан әрі – МҚІА әдістемесі) сәйкес қалыптастырады.

3. Өзге тұлғаларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру құнын есептеу МҚІА әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады:

- тұтыну бағалары индексінің өзгеруі;
- көрсетілетін қызметті берушінің күтілетін рентабельділігі;
- қолданыстағы нарықтық бағалар деңгейі;
- көрсетілетін қызметті берушінің нарық конъюнктурасы мен бәсекелестік артықшылықтары.

4. Өзге тұлғаларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру құны тындаушылардың санына қарай күтілетін пайда мен Көрсетілетін қызметті берушінің шығындарының қаржылық-экономикалық есептері негізінде түзетілуі мүмкін.

Серіктестіктің
2021 жылғы «5» 11
№66-буирығына
2-қосымша

Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдардың білімін растау жөніндегі қызметтердің құнын есептеу әдістемесі

1. Осы Әдістеме білімін растауды «Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы» ЖШС жүзеге асыратын тұлғаларға (бұдан әрі – Көрсетілетін қызметті беруші) қолданылады.

2. Білімді растау бойынша қызмет құнын есептеу үшін шығындар үлесі анықталады (бұдан әрі – Білімді растауға арналған шығындардың үлесі) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2020 жылғы 10 маусымдағы №96 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру құнын есептеу әдістемесінің (бұдан әрі – МҚІА әдістемесі) 2-қосымшасына сәйкес айқындалған шығындардың жалпы сомасындағы емтихан модульдерін әзірлеу және сараптау үшін сарапшылардың, байқаушылардың, емтихан және апелляциялық комиссиялар үшін тартылатын мамандардың қызметтеріне және білімді растау процесіне тікелей байланысты шығындардың басқа да түрлеріне ақы төлеуге арналған шығыстардың үлесі айқындалады.

БРашр = Брш/ Жтш*100

мұндағы:

БРашр – Білімді растауға арналған шығындардың үлесі;

Брш – білімді растау процесіне тікелей байланысты қызметтерге ақы төлеуге арналған шығындар;

Жтш – қайта даярлау процесіне қатысатын тартылған жеке тұлғалардың қызметтеріне ақы төлеуге арналған шығындар.

Білімді растау бойынша 1 сағаттық қызметтің құны МҚІА әдістемесінің 6-қосымшасына сәйкес айқындалған мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттырудың/қайта даярлаудың бір адам-сағаты құнының білімді растау шығындарының Үлесіне көбейтіндісі ретінде есептеледі.